

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесі
отырысының хаттамасынан
ҮЗІНДІ

Астана қ.

№ 5

2022 жылғы «23» қараша

«Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы бейнеконференцбайланыс арқылы өткізіледі.

Отырысқа қатысқандар:

Қоғамның Қоғамдық кеңесі мынадай құрамда:

Қоғамдық кеңестің төрағасы:

1) Утешев Нурлан Сулейменович;

Қоғамдық кеңес мүшелері:

2) Ақтымбаева Алия Сағындықовна;

3) Спицын Сергей Александрович;

4) Жунусов Серик Кайратович;

5) Хасенов Махамбет Кабдулкаирович;

6) Садвакасов Кайрат Серикович;

7) Егимбаева Майя Ербулатовна;

8) Жансаитов Рустем Акказинович.

Шақырылғандар:

Т.Ж. Аманбаев – Қоғамның Басқарма төрағасы;

Т.Б. Кожубеков – Қоғамның Жүйелік шараларды жүзеге асыру департаментінің директоры;

М.О. Траиспаева – Қоғамның Туристік өнімдерді дамыту департаментінің директоры;

Г.М. Сахметова – Қоғамның Экономика және қаржы департаментінің директоры.

Отырысты өткізу үшін кворум бар.

Күн тәртібі:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын қолданудың қоғамдық мониторингін жүргізу;

2) «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ 2023 – 2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жобасын талқылау;

3) Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру шеңберінде «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің атына түскен «Мәдениет астана» қоғамдық бірлестігінің өтінішін қарау;

4) «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2022 жылғы 2 жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспарын жаңа редакцияда бекіту;

5) «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ ағымдағы қызметінің кейбір мәселелері туралы.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Қоғамдық кеңес «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңының 5-1-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, 20-бабы 5-тармағының 4) тармақшасына, 20-бабының 6-тармағына сәйкес бірауыздан дауыс беріп, **шешім қабылдады:**

ҚР туристік қызмет саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар қабылданын;

1. ҚР туристік қызмет саласындағы заңнамасына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды қамтитын қоғамдық мониторинг қорытындысын жасау;
2. Қоғамдық мониторинг қорытындысы негізінде Қоғамның атына тиісті ұсыным жолданын.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Қоғамдық кеңес **шешім қабылдады:**

1. Қоғамдық кеңестің талқылауына ұсынылған «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның 2023 – 2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жобасы назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Қоғамдық кеңес «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңының 19-бабының 4) тармақшасына сәйкес **шешім қабылдады:**

1. Өтініште баяндалған «Мәдени астана» қоғамдық бірлестігінің бастамасын қолдау;
2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ға олардың ұсыныстарын қарап, тиімді ынтымақтастық нысандарын табу ұсынылсын.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Қоғамдық кеңес **шешім қабылдады:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2022 жылғы 2 жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспары жаңа редакцияда бекітілсін.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша Қоғамдық кеңес **шешім қабылдады:**

1. Қоғамдық кеңестің талқылауына ұсынылған ақпаратты назарға алсын.

Қоғамдық кеңестің хатшысы



Н. Турлыбекова